

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 тамыздағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 12 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 22 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 қарашада № 25352 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Аққайың ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушысының 2021 жылғы 8 қазандағы № 08-02/341 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі Камышлово ауылының аумағында ірі кара малдың брүцеллез ауруының жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 тамыздағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 12 шешімінің ( нормативтік құқықтық актілерді мамлекеттік тіркеу тізілімде № 23914 болып тіркелген ) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданы  
Тоқшын ауылдық округінің әкімі*

*Б. Имантаев*